







Дебат-пікірсайыс ойыны





***Негізгі мақсаты:** оқушының ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу, болашақ маман иелерінде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.*

Негізгі ережелері:

- ❖ Сөйлеу мәдениеті;
- ❖ Өзін-өзі ұстай білу, шыдамдылық;
- ❖ Ойды тиянақты жеткізу;
- ❖ Сыйластық;
- ❖ Уақытты ұтымды пайдалану.



Дебат сайысының кезеңдері:

- Әділ қазылар алқасын тағайындау.
- Жеребе тастап, қай позицияда сайысқа түсетінін анықтау.
- Дайындық кезеңі (10 минут).
- Дебат сайысы.



Саяси кейстің құрылымы:

1. **Резолюция-Қарар** (Дебаттың тақырыбы) (Бұл палата (БП) ұсынады)
2. **Дефиниция-Кілт сөздер** (Кейсте қолданылатын сөздерге анықтамалар беріледі)
3. **Status quo-Қалыптасқан жағдай**(қалыптасқан жағдайға статистикалық мәліметтер(интернеттен,газеттен) айту)
4. **Мәселе** (проблема)
5. **Мәселе өзектілігі**
6. **Себептер** (мәселенің себептері,кем дегенде үшеу болу керек)
7. **Шешу жолдары** (әр себепке шешу жолын ойлап табу)
8. **Атқарушы органдар** (мәселелерді кім шешетінін айту)
9. **Қаржы** (мәселені шешуге қажет қаражат)
10. **Уақыт** (жұмыстың қай аралықта жүргізілетіні)
11. **Нәтиже** (қорытынды)

Құндылық кейстің құрылымы:

1. **Резолюция-Қарар** (Дебаттың тақырыбы) (Бұл палата (БП) 羊羊羊羊 ақталады деп есептейді)
2. **Дефиниция-Кілт сөздер** (Кейсте қолданылатын сөздерге анықтамалар беріледі)
3. **Status quo-Қалыптасқан жағдай**(қалыптасқан жағдайға статистикалық мәліметтер(интернеттен,газеттен) айту)
4. **Философия**
5. **Аргументтер**
6. **Қорытынды.**



	Спикер	Уақыт	Спикердің рөлі
1	Жақтаушы 1	6 минут	Команданы таныстырады. Кейспен таныстырады.
2	Даттаушы3-Жақтаушы1	3 минут	Даттаушы 3 Жақтаушы1-ге сұрақтар қояды.
3	Даттаушы1	6 минут	Өз командасымен таныстыру. Жақтаушы 1-дің кейсін (келіспейтін жағдайларын) даттап, қарама-қарсы өз командасының кейсімен таныстырады.
4	Жақтаушы3-Даттаушы1	3 минут	Жақтаушы3 Даттаушы1-ге сұрақтар қояды.
5	Жақтаушы 2	5 минут	Даттау тобының айтқан даттауларына жақтау айтып, өз кейсін қалпына келтіреді.
6	Даттаушы1-Жақтаушы2	3 минут	Даттаушы1-Жақтаушы2-ге сұрақтар қояды.
7	Даттаушы 2	5 минут	Даттауды жалғастырады.Жақтаушы 2-нің кейбір сөздеріне өз түсініктеме-лерін айтады.
8	Жақтаушы1-Даттаушы2	3 минут	Жақтаушы1 Даттаушы2-ге сұрақтар қояды.
9	Жақтаушы 3	5 минут	Ойын барысына қорытынды анализ жасайды, өздері ұсынған механизмнің ұтымдылығын айтады.
10	Даттаушы 3	5 минут	Ойын барысына қорытынды анализ жасайды, өздері ұсынған механизмнің ұтымдылығын айтады.

Көңіл қойып тыңдағандарыңызға
рахмет!

